

Ауданның елді мекендерін көріктендірудің, санитарлық тазалаудың, тазалықты ұстаудың ережелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2008 жылғы 6 наурыздағы N 25/5 шешімі. Павлодар облысы Успен ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 1 сәуірде N 50 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 67 шешімімен

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 67 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, ауданның елді мекендерін көріктендірудің, санитарлық тазалаудың, тазалықты ұстаудың саласында құқықты мен заңды тұлғалар қатынасын реттейді және 2001 жылғы 27 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2002 жылғы 4 желтоқсандағы "Тұрғындардың санитарлық эпидемиологиялық игілігі туралы" Қазақстан Республикасындағы Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған ауданның елді мекендерін көріктендірудің, санитарлық тазалаудың, тазалықты ұстаудың ережелері бекітілсін (бұдан ә р і - Е р е ж е) .

2. Успен аудандық мәслихатының 2005 жылғы 19 мамырдағы (III шақырылым XVI сессия) "Ауданда көріктендірудің, санитарлық тазалаудың, тазалықты сақтаудың, ұйымдардың аумағын тазалаудың және үй жануарларын ұстаудың ережелері туралы" N 102/16 (2005 жылғы 2 шілдедегі "Сельские будни" N 26 газетінде басылған,, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12-12-4 тіркелген); 2005 жылғы 14 қарашадағы (III шақырылым XX сессия) "Успен аудандық мәслихаттың 2005 жылдың 19 мамырдағы (XVI сессия, III шақырылым) "Ауданда көріктендірудің, санитарлық тазалаудың, тазалықты сақтаудың, ұйымдардың аумағын тазалаудың және үй жануарларын ұстаудың ережелері туралы" N 102/16 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 121/20 (2005 жылғы 17 желтоқсанындағы "Сельские будни" N 50 газетінде басылған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12-12-12 тіркелген) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Шешімнің жүзеге асыруды бақылау аудандық мәслихатының әлеуметтік жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Аудандық мәслихаттың IV сайланған
V сессия төрағасы Ф. Малаева
Аудандық мәслихатының хатшысы Т. Байғожинов

Успен аудандық мәслихатының
2008 жылғы 6 наурыздағы
IV сайланған V сессиясының
N 25/5 шешімімен бекітіледі

**Ауданның елді мекендерін көріктендірудің,
санитарлық тазалаудың, тазалықты ұстаудың ережелері**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік тәртіп бұзушылық туралы" Кодексіне, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жергілікті басқару туралы", 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Халықтың санитарлық – эпидемиологиялық жағдайы туралы" Заңдарына сәйкес, ауданда көріктендірудің, санитарлық тазалаудың, тазалықты сақтаудың, ұйымдардың аумағын тазалаудың және заңды және жеке тұлғалардың қатынасын реттеу мақсатында әзірленді.

2. Табиғат және оның байлығы Қазақстан Республикасы халқының табиғи тірегі, олардың тұрақты әлеуметтік – экономикалық дамуының және хал-ахуалының артуының негізі болғандықтан осы ереженің міндеттері мыналар болып табылады:

1) азаматардың экологиялық, санитарлық–эпидемиологиялық жағдайына және радиациялық қауіпсіздігіне конституциялық құқын жүзеге асыру;

2) бүгінгі және келер ұрпақтың денсаулығына жайсыз әсер етпейтін қоршаған ортаны сақтау және тұрғындарды санитарлық–эпидемиологиялық жағдайын мемлекеттің қамтамасыз ету принципін жүзеге асыру;

3) тұрғындарды денсаулығын және санитарлық–эпидемиологиялық жағдайын қорғау;

4) әрбір азаматтың санитарлық–эпидемиологиялық жағдай туралы толық ақпарат алуына, осы шешімдердің жүзеге асуы тұрғындардың денсаулығын және санитарлық–эпидемиологиялық жағдайын мемлекеттік басқару органдары, лауазымды адамдар қабылдайтын шешімдердің орындалуына бақылау жасауға және талқылауға, әзірлеуге қатысуға.

3. Осы ереженің мақсаты ауылдық аумақтарды жазғы және қысқы мерзімде

тазалау тәртібін анықтау, көлік қозғалысының қауіпсіз болуы үшін тиісті жағдай және тазалықты қамтамасыз ететін жұмыстарды орындау барысына талап қоюды, қалалық аумақтарды көліктендіру және санитарлық күтіп ұстауды бұзуға жауапкершілікті, сыртқы жарнама объектілерінің, егілген ағаштардың, ауылдық инфрақұрылым объектілерінің және ғимараттардың жағдайын анықтау.

4. Ереже Успен ауданының аумағында орналасқан барлық ведомстволарға, кәсіпорындарға және ұйымдарға, ғимараттардың, құрылыстардың иелері болып табылатын жалға алушыларға міндетті.

1. Жалпы ережелер

5. Осы ережеде қолданылатын түсініктер:

қалдықтар – өндіру және қолдану процессінде пайда болған шикі зат, материал, жартылай фабрикат қалдықтары және сонымен қатар өзінің тұтынушылық қасиетін жоғалтқан тауарлар;

қатты тұрмысты қалдықтар (ҚТҚ) – тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарда пайда болатын қалдықтар (тұрғын үйлерді ағымдық жөндеуден пайда болатын қалдықтар қоса алғанда), от жағу орындарында от жағатын құрылғылардан түсетін қалдықтар, түскен жапырақтар және үй шаруашылығының ірі құралдары;

санитарлық тазалау – қалдықтарды жинау, залалсыздандыру, қайта өңдеу ж ә н е к ө м у ;

қалдықтарды шығару – қалдықтарды арнайы бөлінген жерге апару; аумақты көріктендіру – ауданның әкімшілік аумағында адамның жақсы өмір сүруіне қолайлы жағдайды қамтамасыз ету үшін жасалған элементтер мен ж ұ м ы с т а р ж и ы н т ы ғ ы ;

инженерлік жүйе және құрылғылар, байланыс-инженерлік көріктендіру тұрғындармен кәсіпорындарды жылумен сумен, электрмен, байланыспен қамтамасыз етудің, сонымен қатар аудан аумағындағы беткі қабаттардағы судан т а з а р т у д ы ң б а с т ы э л е м е н т і ;

көк шалғындар – сәулет ландшафттық әсемдеу және көріктендіру деңгейін көтеру және санитарлық гигиеналық жағдайды жақсартудың жоспарлық шешімінің элементі (гүлзарлар, ағаштар газондар);

жер жұмыстары - қазу, қайта көму, шұңқырлар қазу істерімен байланысты ж ұ м ы с т а р ;

жерді пайдаланушы - аудан аумағында жерді пайдалану құқы бар немесе жеке меншік жер учаскесі бар жеке немесе заңды тұлға;

аумақ бөлу - жергілікті мемлекеттік органның шешіміне сәйкес жер пайдаланушының меншігіне объекті орнату (ғимарат, құрылыс, транспорт магистралі және т.б) үшін берілген жер учаскесі;

қалдықтарды залалсыздандыру қалдықтарды өңдеу, соның ішінде қалдықтарды адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды ісеріне жол

бермеу мақсатында арнаулы учаскелерде оларды өртеу және залалсыздандыру;
қоқыс шығару – мамандандырылған ұйым көрсететін коммуналдық қызмет,
қалдықтарды жинау, шығарып тастау, залалсыздандыру, қайта өңдеу және көму;
мамандандырылған ұйым – арнаулы көлігі бар және қоқыс шығару саласында
кәсіпкерлікпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар;
қоқыс шығаруға арналған тариф-қызмет көрсетуге қажетті шыққан шығынды
толығымен қайтаруды және кіріс алу мүмкіндігің ескеретін, мамандандырылған
ұйымның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өкілетті орган бекіткен қызмет
б а ғ а с ы ;

қоқыс төгетін орын, қоқыстарды көметін және жинауға арналған жалпы
п а й д а л а н у ү ш і н а р н а у л ы о р ы н ;
үй жай – тұрғын үйлер (үй – пәтер) және тұрғын үй емес (әкімшілік, сауда,
өнеркәсіптік, мәдениет тұрмыстық және тағы басқа бағыттағы) ғимарат;
өкілетті орган – құқықтық қатынастар саласында өкілеттілік берілген
м е м л е к е т т і к о р г а н .

6. Аудан аумағын тазарту және жинау жүйесі аудан аумағында жиналған
көше қоқысын және басқа тұрмыстық қалдықтарды жылдам жинау,
экономикалық тиімді тұрмыстық қалдықтарды тиімді пайдалану,
залалсыздандыруды (шаруашылық-тұрмыстық, соның ішінде тұрғын үй және
қоғамдық ғимараттардан, сауда кәсіпорындарынан, қоғамдық тамақ-тандыру
және мәдени тұрмыстық бағыттағы) қарастырады және үй-жайларды және жалпы
пайдаланылатын аумақтарды жазғы және қысқы мерзімде күтіп ұстауды қоса
а л а д ы .

7. Ауыл аумақтарының санитарлық жағдайын өз деңгейінде қамтамасыз ету
үшін санитарлық тазалау жөніндегі жұмысын ұйымдастыру жүйелі – жоспарлы
және өтініш тәртібінде мемлекеттік коммуналды шаруашылық және жеке
сектордың арнаулы көлігімен жүзеге асырылуы тиіс.

8. Жоспарлы жүйені және қалдықтарды шығаруды ұйымдастыру
санитарлық–эпидемиологиялық қызметтің келесімі бойынша өкілетті органмен
а н ы қ т а л а д ы .

9. Жалпы пайдалану орындарын тазалау шарт негізінде арнаулы кәсіпорынға
жүктеледі. Бөлінген учаскелер аумағын жинауға субъектілерді бекіту нақты
жерді пайдалану шекарасында немесе атқарушы органмен шарт жасау негізінде
б е к і т і л е д і .

10. Тұрғын үйлерге кіреберіс жолдарды, аула аумақтарын тазалау жеке үй
иелеріне жүктеледі, көшелер, үй арасындағы жолдар, егілген ағаштар
мамандандырылған ұйымдарға, аумақтармен тротуарлар осы араға орналасқан
шекаралас ұйымдарға, кәсіпорындарға, басқармаларға жүктеледі.

11. Жанар – жағар май құю станциялары (ЖМС) орналасқан 15 метр

радиустағы аумақты тазалықта күтіп ұстау және тазалауды ЖМС қызметкерлері жүзеге асырады.

12. Сауда нүктелері орналасқан 5 метр радиустағы аумақтарды жинау және тазалау жөніндегі жұмысты меншіктің барлық түріндегі сауда ұйымдарының басшылары қамтамасыз етеді.

13. Кәсіпорындардың, құрылыс алаңдарының, қоймалардың, баздардың, оларға кіреберіс аумақтарды тазалау осы ұйымдардың немесе мамандарылған ұйымдардың құралдарының күшімен жүзеге асырылады.

14. Ауылдық аумақтардың басқа учаскелерін (стадиондар, базарлар, жәрменке өткізу орындары, ашық автомобиль тұрақтары, ауыл шаруашылық жерлері) тазалықта ұстау тиісті жерді пайдаланушыларға жіктеледі.

15. Құрылыс, күрделі және ағымдағы жөндеу объектілеріне тақау аумақтарды тазалықта ұстау жауапкершілігі осы жұмыстарды орындайтын құрылыс–жөндеу ұйымдарына жүктеледі.

16. Ойпаң жердегі учаскелер аумағының жауын суы немесе тасқын су басып кету қауыпының алдын алу мақсатында су құбырлар жүйесін тазалау осы құрылыстар балансында тұрған тиісті қызметтер кемінде екі рет тазалайды.

17. Қатты және сұйық қалдықтарды залалсыздандыру үю және көму арнаулы бөлінген учаскелерде өткізіледі.

18. Қалдықтарды арнаулы бөлінбеген жерге апарып төгуге және ауыл шаруашылығы алаңдарына апарып көмуге тиым салынады.

19. Көріктендіру және аумақтарды тазалау жөніндегі жұмыс қысқы және жазғы болып бөлінеді, ол жүйелі, мерзімді түрде және апат кезінде жүргізіледі.

20. Жүйелі түрге сыпыру, жуу, су құю, қар күреу және мұздан тазарту жатады.

21. Мерзімді түрге түскен жапырақтарды жинау, су құбырын тазалау, жол бойындағы шөптерді шабу жатады.

22. Апат кезіндегі түрге (қар жауғанда, көк тайғақта, боран болғанда) жолдарға құм-тұз, хлорид және басқа да реагенттер себу, қарды күреу және жинау, жол қиылыстарын қардан тазалау т.б.

2. Жалпы пайдаланылатын орындарды күтіп ұстау және тазалау

23. Парктерді, көпшілік демалатын және басқа да жалпы пайдаланылатын орындардың аумағы осы ереженің бірінші бөлімінде бекітілген талаптарға сәйкес ұсталады.

24. Барлық алаңдар мен көшелерде, басқа жерлерде де жеткілікті түрде урна қойылуы тиіс.

25. Урналарды тазалау олар толысымен жүйелі түрде өткізіледі.

26. Урналарды таза ұстауға жауапкершілік өзіне бекітілген аумақты

тазалауды жүзеге асыратын ұйымдарға, кәсіпорындарға және мекемелерге жүктеледі.

27. Сауда ғимараттарында, офистерде, үй жайларда иелері урнаны кіреберіске қояды.

28. Урна таза ұсталуы тиіс, толысымен тазартылады, кем дегенде жылына екі рет сырланады.

29. Бос жәшіктерді және тауар қорын дүңгершектер мен дүкендер жанында жинауға, сондай-ақ маңайдағы аумақты қойма ретінде пайдалануға тиым салынады.

30. Егілген ағаштар ведомствалық иесіне қарамастан мемлекеттік қор болып табылады және қатаң түрде заңмен қорғалады.

31. Заңды және жеке тұлғаларға бекітіліп берілген аумақта ұсынылсын:

1) егілген ағаштардың сақталуын қамтамасыз ету, ол үшін толық агротехникалық шаралар кешенін өткізуге, атап айтқанда: суғару, отау, құрғақ бұтақтарын кесу, ағаш діңін тазалау, түбіршектерін алып тастау, тыңайтқыш салу, кесілген жерлерін дезинфекциялау, сондай-ақ арам шөптерді жою үшін механикалық өңдеу жүргізуге;

2) жүйелік түрде ауыл шаруашылығының зиянкестерімен, арам шөптермен өзкүшімен күрес жүргізуді өткізу;

3) жапырақ түсетін мерзімде түскен жапырақтарды жинау, жиналған жапырақтарды арнаулы бөлінген учаскеге апаруға, жапырақтарды тұрғын үйлер аумағында және парктерде өртеуге тиым салынады;

4) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес жасыл қордың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

32. Жердің жоғарғы қабатын бұзу мен байланысты өндірістік және құрылыс ұйымдары меншік түріне қарамастан жердің жоғарғы құнарлы қабатын сақтап, пайдалануға сондай-ақ жұмыс барысында бүлінген жер учаскелерін құрылыс аяқталысымен өз есебінен қалпына келтіреді.

3. Көшелер мен жол құрылыстарын күтіп ұстау тәртібі

33. Көшелер, жолдар және жол құрылымдары жалпы пайдалануға арналған мемлекеттік меншік болып табылады және.

34. Көлікпен тасымалданатын көшелерді ластайтын жүктер көшелерді ластамау үшін дұрыс жабылуы тиіс.

35. Көшелерді пайдаланушылар көліктерді кедергісіз өтуге жағдай жасайды.

36. Тиым салынады:

1) көк шалғындарды, жол қозғалысын реттейтін құралдарды, белгілерді, жол құрылғыларын және жолдар мен көшелерді бұзуға;

2) көшелер, жолдар, құрылыстар және ғимараттарға кіреберіс жолдар мен сонымен қатар өрт су көздері қоршауға.

37. "Успен ауданы автокөлік жолдары және жолаушылар көлігі, тұрғын-коммуналдық бөлімі" (бұдан әрі -ТКШ бөлімі) мемлекеттік мекемесі берген жолдарды бұзуға байланысты жазбаша рұқсат (ордер) бар болған жағдайда жеке және заңды тұлғалар жер жұмыстарын жүргізе алады.

4. Үй жайларды күтіп ұстау және тазалау

38. Үй жайларды тұрмыстық қалдықтардан тазарту жүйелі түрде жоспар бойынша өткізіледі.

39. Қатты тұрмыстық қалдықтар қоқыс шығаратын көлікпен шығарылады, сұйық қалдықтар ассенизатор көлігімен шығарылады.

40. Меншік иесінің қолында мамандарылған ұйыммен қоқыс және тұрмыстық қалдықтарын шығару қызметіне, шығару кестесіне шарты, орындалатыны жұмысқа төлемақы болса қоқыстың өз уақытында шығарылмауына жауапкершілікті шарт жасалған мамандандырылған ұйым көтереді.

5. Ғимараттардың алды мен аумақтарын көріктендіру туралы

41. Ғимараттың және оларға жанаса орналасқан аумақтарды сәулет келбетін сақтау үшін, оларға сауда орындарын орналастыру кезінде, осы объектілерді пайдаланушылар құрылыс және сәулет органдарымен келісілген және дайындалған жобаға байланысты ғимараттың және оларға жанаса орналасқан аумақтарды көріктендіру шараларын орындау қажет.

42. Шаралар келесі жұмыстардың орындалуымен қоса жобада қарастырылған келісімдер:

- 1) ғимараттардың алдын әрлеу (сырлау, ақтау);
- 2) орнатылған күнқағарлар ғимараттың жалпы келбетіне сәйкес болуы тиіс;
- 3) аумақты көріктендіру жұмыстары бойынша тротуарлар жасау, көліктері тұрағы және кіре беріс жолдарын, көк шалғындар, газондар жасау;
- 4) көріктендірудің эленеттері орнату - көп пәтерлі тұрғын үйлердің аумағында орындықтар, балалар ойнайтын алаң, қоршаулар, урналар, орындықтар орналастыру;
- 5) көшеге жарық беру шамдарын орнату (түрлі түсті жарнамалар) маңындағы ғимарат аумағын жарықтандыруға жеткілікті;
- 6) бірыңғай сәулеттік стильге сай маңдайшаларды бекіту керек.

43. Кәсіпорындарға, мекемелерге, үй қырылысының иелеріне ұсынылсын:

- 1) ғимараттың техникалық қауіпсіздігін, шаруашылық және тұрмыстық құрылыстардың, олардың сыртқы келбетін дұрыс ұстау, жөндеу жұмыстары уақытылы жүргізілуі керек;
- 2) ғимаратта көше фонары, көшенің атау мен нөмері көрсетілген болуы керек;
- 3) құрылыс және сәулет органдарының жобалары бойынша көк шалғындар отырғызу, арам шөптерді жүйелі түде жойып отыру қажет.

6. Инженерлік құрылыстарды және коммуникацияларды тазалау және күтіп ұстау тәртібі

44. Құрылыстар мен коммуникациялардың жобасын әзірлеу барысында ж о б а л а у ұ й ы м д а р ы :

1) құрылыс учаскесіндегі ағаштар мен бұталардың сақталуын қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру тәртібін әзірлеуге;

2) құрылыс жұмысының сметасында қалпына келтірудің төлем ақысы, егер ағаштар қайта отырғызылған жағдайда ағаштарды қайта егу жұмысының қосымша төлем ақысын қарастыруға міндетті.

45. Құрылыс жүргізілетін мерзімге құрылыс ұйымына негізгі магистрал бойымен салынып жатқан құрылыстан 600 м ұзындықпен күн сайын тазалау үшін жол учаскесі бекітіледі.

46. Бұзылған құрылыс орнындағы құрылыс аландары құрылысты бұзу басталғанға дейін пераметр бойынша толық қоршалуы тиіс.

47. Шектелген жерде көлік саны аз болуы керек.

48. Аудан ауылдарының аумағындағы көшелердегі, магистральдардағы, ауыл ішіндегі жер және құрылыс жұмыстарын заңды және жеке тұлғалар осындай жұмыстарды атқару құқына рұқсат беретін өкілетті органның келісімімен бекітілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

49. Сусымалы және көшелерді ластайтын басқа да жүктер көшелерді ластамау үшін ұқыпты жабылуы тиіс.

7. Елді мекендер аумағын санитарлық күтіп ұстау қызметі мен өкілетті органдардың құзіреті

50. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасының негізінде қала аумағын және аулаларды, сондай-ақ қоғамдық пайдалану органдарын күтіп ұстаудың санитарлық санитарлық ережелерінің сақталуына қадағалауды ішкі істер органдары санитарлық қадағалау органдарымен бірлесе о т ы р ы п жү з е г е а с ы р а д ы .

51. Мыналарды жергілікті атқарушы органдар бекітеді:

1) механикаландырылған жинауға жататын алаңдар мен өтетін жер, көшелердің титулдық тізімі, сондай-ақ оларды жылдың жазғы және қысқы мерзімінде тазалау кезегін;

2) айналадағы қоршаған ортаны ластанудан қорғау, табиғи байлықтарды сақтау жөніндегі шараларды;

3) парктердің, скверлердің, қызметтік-техникалық ғимараттардың, құрылыс алаңдарының, сауда мекемелерінің санитарлық жағдайына жауапты ұйымдарды;

4) санитарлық тазалау мен жинаудың бас нобайын;

5) қалдықтарды үю және көму орындарын.

52. Үй иелері тұрмыстық қалдықтарды өз уақытында өздері шығаруға немесе

шығартуға шарт жасауға міндетті.

53. Жинап тазалайтын кәсіпорын:

1) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, үйлердің аумақтарынан (шартқа сәйкес) қоқысты өз уақытында шығаруды жүзеге асыруға;

2) аптасына екі рет қатты қоқысты тазалаудың жүйелі-жоспарын жүзеге асыруға міндетті.

54. Мына іс-әрекеттер ұсынылады:

1) көшеде, тротуарға, үй жанындағы газондарға құрылыс материалдарын, ағаш, көмір, шөп, сабан, улы химикаттар, металл сынықтарын, миниралдық тыңайтқыштар және басқа да материалдар үюге;

2) көшенің көлік және жаяу адамдар жүретін бөлігін, ағаш егілген аумақтарды, сондай-ақ жалпы пайдаланылатын орындарды қоқыспен (темекі қалдықтары, бөтелкелер, қағаз т.б.) және тұрмыстық қалдықтармен ластауға;

3) жолдың көлік жүретін бөлігінде және тротуарларда қоршалмаған канализация, су құбырлары және басқа да құдықтарды ашық қалдыруға;

4) бөлінбеген жерде мал айдауға және жаюға;

5) сусымалы және сұйық заттарды жабдықталмаған кузовтармен тасуға;

6) жол жөндеу жұмыстарын жүргізгенде құрылыстарды бұзуға (жолдарды, бордюрлерді, құдық қақпақтарын т.б.), сондай-ақ оларды топырақпен жабуға;

7) канализация мен су құбырларындағы апат салдарын жөндегенде тротуарларға, газондарға, көшенің көлік жүретін бөлігіне су жіберуге;

8) кәсіпорындар, ұйымдар аумағында, көшелерде, тұрғын үй аласында, жеке учаскелерде қоқыстарды, жапырақтарды өртеуге;

9) ағаштарды электр желісін, сымдарды тартуға, алтыбақан орнату үшін пайдалануға тиым салынады.

8. Тұрғылықты пункттер аумағындағы құрылыстарды бұзу және сұрыптау

55. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес заңдылықты қамтамасыз етілгеннен кейін тозығы жеткен құрылыстардан аумақты тазарту жұмыстары жүргізіледі.

56. Осы жұмыстар қажетті машиналар мен механизмдердің және осы жұмысты атқара алатын жұмысшыларды тарту мен атқарылады.

57. Ғимарттардың үш метрден асатын жер асты шыңқырлары мен траншеялар көмілуі тиіс.

58. Бұзу жұмыстары жүргізілгеннен кейін жер учаскесі рекультивациялануы керек.

59. Заңды және жеке тұлғалардың осы ережені бұзуы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

